Сан есім

Сан есім заттың санын, ретін білдіреді. Неше? Қанша? Нешінші? Нешеу? деген сұрақтарға жауап береді.

Сан есім мағынасына қарай 6 түрге бөлінеді.

1. Есептік сан есім – заттың нақты санын білдіреді. Сұрақтар: қанша? неше? Бұл сан есімдерге септік жалғауларын жалғауға болады. Егер күрделі сан есім болса, септік жалғауы ең соңғысына жалғанады: екі жүз отыз алты+дан. Мысалы: *бес, он екі, екі мың төрт* т.б.

2. Реттік сан есім – заттың реттік қатарын білдіреді. Сұрағы: нешінші?, қаншасыншы?. Сан есімдерге –ыншы, -інші, -ншы, -нші жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *бірінші, тоғызыншы, жиырма бесінші* т.б.

3. Жинақтық сан есім – заттың жинақталған санын білдіреді. Сұрағы: нешеу? Бірден жетіге дейінгі есептік сан есімдерге –ау,-еу жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *біреу, алтау* т.б.

4. Болжалдық сан есім – заттың санын дәл білдірмей, шамамен болжамдап көрсетеді. Сұрақтар: қанша? неше? қай шамалы?. Болжалдық с.е. -лаған/-леген,-даған/-деген,-таған/-теген,-лап/-леп,-дап/-деп,-тап/-теп,-дай/-дей,-тай/-тей қосымшаларын қосу арқылы жасалады: *отыздаған, он-он бестеп, қырық-елудей*. Кейде көптік жалғауын жалғап та болжалды сан есім жасауға болады: *қырықтарда*, *елулерде* т.б. *Шамалы, қаралы, шақты, таман, таяу, тарта, жуық, жақын* сөздері тіркесіп те болжалдық сан есімдер жасайды: *он шамалы, елуге тарта* т.б.

5. Топтау сан есім – заттың санын топтап көрсетеді. Сұрағы: нешеден?. Шығыс септігі жалғауы арқылы жасалады. Мысалы: *үштен, үшеу-үшеуден, сексеннен.*

6. Бөлшектік сан есім – заттың бөлшектік санын білдіреді. Сұрақтары: қанша? неше?. Мысалы: *бір жарым, бестен екі, төрт бүтін оннан б*ес.

Сын есім құрамына қарай:

1. **Дара сан есім**: Бір ғана түбірден (негізгі немесе туынды) тұрады. Мысалы: *ондаған, жүз, сегізінші, жетеу*.
2. **Күрделі сан есім:** Кемінде екі сөзден тұрады. Мысалы: *он бес, мың тоғыз, жүз тоқсан екі* т.б.